



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІНЕ ОРАЙ ҮНДЕУІ



**ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!
ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯМЫЗДЫҢ ЗАҢДЫ КҮШІНЕ
ЕНУІ – БҮКІЛ ЕЛІМІЗ ҮШІН АЙРЫҚША МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА.
БАРШАҢЫЗДЫ ШЫН ЖҮРЕКТЕҢ ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!**

Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі

басталғанын аңғартады.

15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл

тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық.

Бұдан былай Конституция күні «Наурызлама» онкүндігімен қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі.

Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті – Әділетті Қазақстанды құрамыз!

Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған кәміл сенемін!

Қазақстан Республикасы жасай берсін!

Халқымыз мәңгі жасасын!

ПРЕЗИДЕНТ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ АЛҒАШҚЫ САЙЛАУЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:** Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.

Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.

Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Акорда, 2026 жылғы 1 шілде
№1338.

2026 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮШІНЕ ЕНДІ

**БҰЛ КҮН – ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫНДАҒЫ
ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ БАСТАУЫ.
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ
ЖҮЙЕСІН, ЖОҒАРЫ ӨКІЛДІ
БИЛІК ҚҰРЫЛЫМЫН ЖӘНЕ САЯСИ
ИНСТИТУТТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН
ЖАҢҒЫРТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН
АУҚЫМДЫ ӨЗГЕРІСТЕР ОРЫН
АЛАДЫ. АТА ЗАҢ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ
МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУДЫ КҮШЕЙТІП, ЖАҢА
ҚОҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
ОРНЫҚТЫРАДЫ, ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ
МЕН ӘДІЛЕТТІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫН
НЫҒАЙТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ.
ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ
НЕГІЗГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫНА
ТОҚТАЛАЙЫҚ. 1995 ЖЫЛҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ.**

Конституция Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі қағидаттарын едәуір жаңартып, кеңейтті. Бұлардың қатарына Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау, заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету, жалпыұлттық бірлікті нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру, жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын ілгерілету, қоғамдық диалогті дамыту, еңбексүйгіштік, прогресс



және білім құндылықтарын бекіту, жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау және төл мәдениетті қолдау алғаш рет енгізіліп отыр.

Қазақстан Республикасының Егемендігі, Тәуелсіздігі, унитарлығы, аумақтық тұтастығы және басқару үлгісі өзгермейді.

Мемлекеттің стратегиялық даму бағдарлары – адам капиталын, білімді, ғылым мен инновацияны Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді дамуының негізі ретінде

дамыту конституциялық деңгейде алғаш рет айқындалды.

Қос палаталы Парламенттің орнына жаңа бір палаталы Парламент – Құрылтай құрылады, оның құрамына 145 депутат кіреді.

Қазақстан Республикасының Вице-Президенті институты құрылды. Қазақстан Халық кеңесіне заң шығару бастамасы құқығы беріле отырып, халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган ретінде құрылды. Бұл қоғамның мемлекеттік саясатты қалыптастыру

ісіне қатысуын күшейтеді.

Ата заңымыз Конституция үстемдігін мемлекеттің Негізгі заңы ретінде, оның ең жоғары заңды күшін және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылуын бекітеді. Барлық заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер тек Конституцияның негізінде, сондай-ақ оны орындау мақсатында қабылдануға және оған қайшы келмеуге тиіс.

Адам құқықтарын қорғау үлгісі елеулі түрде жаңартылды. Конституция қылмыстық сот ісін жүргізудегі негізгі кепілдіктерді сот қызметінің қағидаттары ретінде емес, бас бостандығы нақты шектелген сәттен бастап барлық мемлекеттік органдар сақтауға міндетті әрбір адамның ажырамас құқықтары ретінде бекітті. Олардың қатарында нақты ұсталған сәттен бастап қорғалу құқығы, бас бостандықтың шектелуіне сот бақылауы, негізсіз ұстауға тыйым салу, сұрақтарға жауап бермеу құқығы, өз-өзіне және жақын туыстарына қарсы айғақ бермеу құқығы («Миранда қағидалары»), сондай-ақ кінәсіз презумпциясы бар.

Мемлекеттің мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянды өтеу міндеті, зияткерлік меншікті қорғау құқығы, дербес деректерді қорғау мен цифрлық қауіпсіздікті қоса алғанда, цифрлық құқықтарға кепілдіктер, сондай-ақ мемлекет пен азаматтардың экологиялық жауапкершілігі конституциялық деңгейде алғаш рет бекітілді.

Ortcom.kz